

Кімге: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігіне
Автор: Мустафина Гулсана Урстемовна, Ұлытау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы
Күні: 21.04.2025ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Әлеуметтік төлемдер: мәні, түрлері

Кіріспе

Әлеуметтік төлемдер — мемлекеттің азаматтарға экономикалық қолдау көрсетуінің маңызды құралы. Олар халықтың әл-ауқатын арттыру, кедейлікті төмендету және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында төленеді. Қазақстан Республикасында әлеуметтік төлемдер жүйесі біртіндеп дамып, халықтың әртүрлі санаттарын — зейнеткерлерді, көпбалалы отбасыларды, мүгедектігі бар азаматтарды, жұмыссыздарды және басқа да топтарды қамтып отыр.

Негізгі бөлім

1. Әлеуметтік төлемдердің мәні мен құқықтық негізі.

ҚР Конституциясы мен «Халықты әлеуметтік қорғау» туралы заңдар негізінде жүзеге асырылады. Мемлекет тарапынан кепілдендірілген материалдық көмек формасы.

2. Әлеуметтік төлемдердің түрлері:

Балалы отбасыларға:

- Бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы;
- Бала күтіміне байланысты ай сайынғы төлем;
- көпбалалы аналарға арналған төлемдер;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, зейнетақы төлемдері:

- Базалық зейнетақы;

- Ынтымақты зейнетақы төлемдері,

Мүгедектігі бар азаматтарға:

- Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы;
- Мүгедек адамды күтімге байланысты жәрдемақы.

Жұмыссыздық және еңбекке қабілеттіліктен айырылу:

- Уақытша жұмыссыздарға әлеуметтік төлемдер;
- Еңбекке қабілеттілігін жоғалтқандарға өтемақы;
- Жерлеу шығындарын жабу үшін бір реттік төлем.

3. 2025 жылғы негізгі өзгерістер:

- Жәрдемақы және зейнетақы мөлшері артты;
- Кедейлік шегін анықтау әдісі өзгерді (медиандық табысқа негізделген);
- Әлеуметтік көмек нақты мұқтаж азаматтарға бағытталады

4. Әлеуметтік төлемдердің рөлі мен маңызы:

- Кедейлік деңгейін төмендету;

- Халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;
- Демографиялық көрсеткіштерге оң әсер;
- Қоғамдағы тұрақтылықты сақтау .

5. Қиындықтар мен сын-қатерлер:

- Төлемдердің жеткіліксіздігі (өмір сүру деңгейіне сәйкес келмеуі);
- Бюрократиялық кедергілер, қолдану мен есеп беру жүйесінің жетілмегендігі, бюджетке түсетін жүктеменің артуы .

2025 жылғы негізгі өзгерістер:


Айлық есептік көрсеткіш (АЕК): - 3 932 теңге.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД): **46 228 теңге**

Зейнетақы мен жәрдемақылардың индексациясы:

Базалық зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақылар – **6,5%-ға**

Ынтымақты зейнетақы – **8,5%-ға** артты



Мүгедектігі бар азаматтарға арналған жәрдемақылар:

- **I топ: 101 702 теңге**
- **II топ: 81 362 теңге**
- **III топ: 55 474 теңге**

5. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) арқылы төленетін төлемдер: Еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларында төлемдер: **6,5%-ға** артты.

6. Әлеуметтік төлемдердің қоғамдағы рөлі: Халықтың әл-ауқатын арттыру, Кедейлікті төмендету, Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, Экономикалық тұрақтылықты қолдау [1] .

Әлеуметтік төлемдерді арттыру – қоғамдағы әл- ауқатты көтеру мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің тектілігі. Қазақстанда бұл бағытты күшейту үшін келесі нақты шараларды қолдануға болады:

1. Экономикалық негізді күшейту яғни бюджет кірісін арттыру:

Мұнайдан тыс секторларды дамыту, салық саласын жетілдіру арқылы мемлекеттің табысын арттыру-әлеуметтік төлемдерді қаржыландыру мүмкіндігін кеңейтеді.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесін кеңейту: Қосымша әлеуметтік қорлар немесе жинақ жүйелерін дамыту арқылы жаңа төлемдер енгізуге болады. (мысылы: мүгедек адамдарды бағып отырған жандарға, бала күтіміне ұзақ мерзімді жалақы)

2. Әлеуметтік төлемдерді индексациялау механизімін жетілдіру

Инфляция деңгейіне автоматты сәйкестендіру:

Зейнетақы мен жәрдемақыларды жыл сайын инфляция деңгейіне автоматты түрде индексациялау.

Күнкөріс деңгейіне негізделу:

Төлемдердің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне сәйкес қайта есептеп отыруы тиіс.

3. Мақсатты көмек жүйесін дамыту

Атаулы әлеуметтік көмекті нақтылау: Көмекті шын мұқтаж отбасылар мен тұлғаларға бағыттау үшін цифрлық талдау мен кіріс мониторингін жетілдіру.

Әлеуметтік карталар енгізу: Азаматтардың әлеуметтік мәртебесін тіркейтін «әлеуметтік карта» арқылы төлемдерді автоматты есептеу және тағайындау.

4. Жаңа әлеуметтік санаттады қамту

Жас аналарға, студенттерге , жастарға арналған төлемдер:

Мысалы, оқу кезінде жалғыз басты аналарға көмек, студент анаға арнайы шәкірақы.

Фрилансерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға қолдау:

Олар үшін әлеуметтік сақтандыру меанизмдерін кеңейту, жарна төлеудің икемді жүйесін енгізу.

5. Цифрландыру мен бюрократияны қысқарту

Әлеуметтік төлемдерді автоматты тағайындау:

Электронды үкімет жүйесі арқылы көмек түрлерін проактивті түрде ұсыну (өтінішсіз)

Қызмет көрсетуді оңтайландыру:

Халыққа қызмет көрсету орталықтарын, мобильді қосымшаларды дамыту.

6. Халықпен кері байланыс және зерттеулер.

Қоғамдық сауалнамалар өткізу:

Халықтың нақты қажеттіліктерін білу үшін пікірлерін жинау [2].

Қорытынды: Әлеуметтік төлемдер — халықты қолдау мен қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті сақтау жолындағы маңызды механизм. Бұл жүйені

тиімді, әділ және заманауи талаптарға сай ету — мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Ұсыныстар: Төлем мөлшерін өмір сүру деңгейіне сәйкестендіру - Электронды үдерістерді оңтайландыру. Аз қамтылған отбасыларға бағытталған қолдау жүйесін жетілдіру , Халық арасында ақпараттандыру жұмыстарын күшейту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.KazakhstanGovernment:www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/911461?utm_source=chatgpt.com
2. <https://cabinet.stat.gov.kz/>